



Л.Н. НУРСУЛТАНОВА

**НЕФТЕГАЗОВАЯ
ПРОМЫШЛЕННОСТЬ КАЗАХСТАНА
В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
(1941 – 1945 гг.)**

**Алматы
2010**

УДК 94(574):622.32
ББК 63.3(2)622:33.36
Н 90

Рецензент: Ташенев М.Ж., доктор исторических наук, профессор

Редакционная коллегия:
Кулибаев А.А. (председатель)
Жылкайдаров С.Е. (зам. председателя)
Азербайев Е.Р.
Акимов У.
Кабылдин К.М.
Кулиев Ж.И.
Рзаханов К.Р.
Тумабаев Г.Е.
Утебаев Б.К.

Н 90

Нурсултанова Л.Н.
Нефтегазовая промышленность Казахстана в годы Великой Отечественной войны
(1941 – 1945 гг.) – Алматы, 2010. – 256 с.

ISBN 9965-816-32-8

В книге на основе анализа широкого круга исторических и других источников представлен процесс развития нефтегазовой промышленности Казахстана в годы Великой Отечественной войны: основные этапы, эвакуация предприятий, перестройка отрасли на военные рельсы, трудовой подвиг нефтяников, социалистическое соревнование. Книга рассчитана на широкий круг читателей.

УДК 94(574):622.32
ББК 63.3(2)622:33.36

ISBN 9965-816-32-8

© ОФ «Мұнайшы», 2010





ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Табандатқан төрт жылға созылып, ақырында бұдан алпыс бес жыл бұрын жалаулатқан Жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысының іздері еліміздің мұнайлы өңірлерінде де сайрап жатыр.

Майданның іргедегі Сталинград түбіне келіп, нағыз жан беріп, жан алысқан шайқас болып жатуына орай, Атырау аймағы соғыс жағдайында деп жарияланды да, облыстық қорғаныс комитеті құрылып, үздіксіз жұмыс істеді. Оның үстіне неміс фашистері Атырау жерінен Орск мұнай айдау зауытына мұнай тасымалдайтын құбырды істен шығаруды көздеп, парашюттан-десанттарын бірінен соң бірін жанталаса төкті.

Жүректі, білекті ұлдарын соғысқа аттандырған тылдағы барша әлеумет, мұнайшысы бар, балықшысы бар, малшысы бар, егіншісі бар, өздерін бала демей, қарт демей бәрі жұмыла еңбек етіп, майданға азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ жөнелту жорығын бір сәт толас таптырған жоқ.

Өсіресе, Ембі мұнайы майдан үшін, ондағы танктер мен ұшақтарға, автокөліктер мен пойыздарға жан бітіру үшін ауадай қажет болатын. Қазақтың арқалы ақыны Асқар Тоқмағамбетовтің ембіліктерге «Мұнайшылар мұнай бер!» деп өлеңмен ұран тастауы сол бір кезеңнің шежіресіндей құлақта қалды, мәңгілік жәдігерге айналды. Атыраулықтар бұл шақыруды құп алып, күнді түнге, түнді күнге ұластырып, тоқтаусыз жұмыс істеп, мұнай эшелондарын майданның алғы шептеріне кідіріссіз жөнелтумен болды.

Даңқты Панфилов дивизиясының атышу-

лы командирі Бауыржан Момышұлы 1942 жылы 17 шілдеде Сталинград майданынан Ембі мұнайшыларына хат жолдады. Ол хаттың қысқаша мәтіні мынадай: «Қымбатты достар, қанымыз бір аға-інілер мен қарындастар, өкелер және аналар, балалар, қазақтар-мұнайлы Ембінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!

Қызыл Армия жалғыз емес, бүкіл ел оның жолында. Қызыл Армия неміс жауыздарын өзінің қаруымен талқандауда, ал сіздер, тыл қайраткерлері, табанды еңбегіңізбен талқандайсыз. Сіздің мұнайдың әрбір литрі, продукцияларыңыздың әрбір килограммы жау тамағына тас болып тұрады. Өнімдеріңізді күн санап, сағат сайын көбейте беріңдер, ол біздің жеңіс сағатымызды жақындата түседі. Бұл міндетті сіздердің абыроймен орындайтыныңызға біз күмәнданбаймыз».

Міне, осылай Мәскеуді, Сталинградты қорғаған қаһарман гвардияшылар Ембі мұнайшыларының ерен табыстарына ризашылықтарын білдіріп, оларды бұдан өрі де еңбек майданында жігерлене түсуге шақырған еді.

Соғыстың бірінші күнінен бастап-ақ Дос-сор, Сағыз, Байшонас, Мақат, Ескене, Қосшағыл, Құлсары, небәрі тоғыз мұнай кәсіпшілігі өз өнімдерін еселеп бере бастады. Өлке мұнайшыларының қажырлы еңбегі Ембі мұнайлы ауданының атағын елімізге әйгілі етіп, Қазақстанды Одақтың үшінші қара алтынды аймағына айналдырды. Мұнайды көптеп өндіруде жаңа әдістер қолдануға, жаңа мұнай көздерін ашуға Өтебаев, Кали-

нин, Досмұханбетов, Сағындықов, Ханин, Конаненко, Комаров, Авров, Тулин, Швенбергед, Неверов сияқты геологтар, инженерлер мен ғалымдар ерекше көзге түсті.

Жаңа әдістердің жүзеге асуының арқасында 15 000 тонна жоғары сортты мұнай алынды. Сол кезде «Правда» газеті: «1941 жылы Ембі мұнайшылары 1940 жылмен салыстырғанда қара алтынды 24,4% артық өндірді», – деп жазды.

Мұрағат материалдарына сүйене отырып, есептеген кезде 1941 – 1945 жылдардың аралығында Гурьев облысы мұнайшылары Отанға 42 970 тонна мұнай өткізген екен.

Соғыс жылдарында әсіресе, Ескене мұнайшылары еңбектің ерен үлгісін көрсетті. 1943 жылы Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті оларды ауыспалы Қызыл тумен марапаттады, ескенеліктер осындай Қызыл Туға қатарынан жеті мәрте ие болды. Сондықтан да болар, осы еңбек ұжымын Бас Қолбасшы

И.В. Сталиннің өзі де құттықтап телеграмма жіберді. Онда: «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын жасақтау үшін қаржы жинаған Ескене мұнай кәсіпшілігі мен Мақат ауданының еңбекшілеріне менің туысқандық сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын жеткізіңіз», – делінген.

Міне, бүгін Ұлы Жеңістің 65 жылдығы келіп жеткен тұста сол ерлік пен бірлік, майдан мен тылдың тұтастығы, жанқиярлық еңбек, ащы тер еске түседі. Ұлы Отан соғысына мұнайлы өңірден 42 508 адам майданға аттанып, елін, жерін қорғады. Солардың 13 287-сі ұрыс даласында жер жастанып, мәңгілікке көз жұмды. Олардың өз еліне деген сүйіспеншілігі, Отан қорғаудағы ерліктері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ.

Қорыта айтқанда, бұл кітап жеңіс шежіресіне мұнайшылар қосқан толайым үлестің сырын шертетін бірегей еңбек болады деген үміттеміз.

А.А. Құлыбаев

Н.Ө. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» Қоғамдық қоры
Қамқоршылар Кеңесінің Төрағасы

С.Е. Жылқайдаров

Н.Ө. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» Қоғамдық қоры
Атқарушы директоры

Қымбатты достар!

Бірқандас аға-інілер және қарындастар, әкелер мен аналар, балалар, қазақтар – мұнайлы Ембінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!

Қызыл Армия жалғыз емес, бүкіл ел оның жолында. Қызыл Армия неміс фашистерін өзінің қолындағы қаруымен жайратса, сіздер оларды ерлік еңбектеріңізбен қиратып отырсыздар. Сіздердің мұнайларыңыз бен мұнай өнімдеріңіздің килограмы жаудың тамағына тас болып тұрып, қазір иығынан дем алуда. Оларды күн сайын, сағат сайын көбейтіңдер, мұның өзі жеңіс сағатын жақындата түседі.

Бұл міндетті сіздердің абыроймен орындайтындарыңызға біз күмәнданбаймыз.

Бауыржан Момышұлы

ЕРЛІК ПЕН БІРЛІК ШЕЖІРЕСІ

Неміс фашистерінің командованиесі 1940 жылдың орта кезінде КСРО-ны жаулап алу үшін «Барбарос жоспары» аталатын стратегиялық жоба жасағаны тарихтан белгілі. Бұл жоспар бойынша олар Оралға дейінгі жерді аз ғана уақыт ішінде басып алуға тиіс болды. Соңғы кезде табылған мұрағат материалдарына қарағанда жау Қазақстанға, соның ішінде мұнайға, кенге бай Атырау бойына да ерекше көңіл бөлген.

Соғыс алдында Атырау мұнайын Орскідегі мұнай өңдеу зауытына жеткізу үшін ұзындығы 800 шақырым Каспий – Орск мұнай құбыры іске қосылған болатын. Құбырдың бойына мұнай айдайтын жеті станса салынған еді. Немістердің диверсанттар жіберудегі бір мақсаты осы стансаларды істен шығару болса, ендігі бір жоспарлары ел арасында үгіт жұмыстарын жүргізіп, бүлік жасау болды.

Алайда, алдын ала жүргізілген қапысыз өрі қырағы шаралардың нәтижесінде немістердің қазан-қараша айларында мұнай резервуарларымен Ширина, Қарабатан және Таушық поселкелеріне тастаған фугастық бомбалары ешқандай зиян келтіре алмады. Соғыс жылдарында Атырау облысы Қазақстандағы ең ірі өнеркәсіпті аймақтардың бірі болды. Облыстық партия комитеті КСРО-ның батыс аудандарынан Атырау өңіріне көшірілген кәсіпорындарды жұмысқа тез қосу, мемлекеттік тапсырыстарды мерзімінде орындау, адамдарды орналастыру, кәсіпорындарын мамандармен толықтыру жолында көптеген игілікті істер атқарды.

Мәселен, Атырауға көшірілген Петровский атындағы Донбастың станок жасау зауытының аспап саймандар жасау цехы механикалық зауыттың үйіне орналастырылып, Петровский атындағы Гурьев машина

жасау зауыты болып қайта құрылды. Зауытпен бірге келген мамандардың бәрі жұмысқа орналастырылды. Облыстық Қорғаныс Комитеті зауытты қысқа мерзім ішінде іске қосу үшін барлық жергілікті кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын, қала жұртшылығын қатыстырды. Осындай жанкешті жұмыстың нәтижесінде 2 айдан кейін Атырау жерінде алғашқы өнім шығарылып, Ембі мұнай кәсіпшілігін техникамен қамтамасыз ете бастады. Төмендегі еңбекте сол кездегі куәгер құжаттардың, шежірелердің ықшамдалған нұсқалары мұражайлар мен мұрағаттардан алынып пайдаланылып отыр. Сонымен қатар, соғыстан бұрынғы және соғыс жылдарындағы тылдағы мұнайшылардың ерен еңбегі, майдангерлердің қаһармандығын паш ететін публицистикалық туындылар, көне суреттер мен құжаттар енгізілді.

Осылайша, Атырау Қорғаныс Комитеті басшылығымен өлке мұнайшылары мен еңбекшілері соғыс жылдарында фашистік Германияны талқандауға өздерінің қажырлы әрі жанқиярлық істерімен, осы аймақтан аттанған майдангерлер ғажайып ерліктерімен лайықты үлес қосқанын бүгінгі жас ұрпақ осы еңбектен оқып біле алады.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның мұнай өнеркәсібі тарихын зерттеудегі отандық ғылымның жеткен жетістіктері айта қаларлықтай дәрежеге көтерілді. Г. Әбішев, Г. Чуланов, Н. Едыгенов, Т. Балақаев, М. Қозыбаевтардың және басқа да ғалымдардың еңбектерінде Кеңес Одағының ішкі аудандарынан өнеркәсіп орындарын Қазақстанға көшіру (эвакуациялау), республика ресурстарын жұмылдыру, Ембі кәсіпшіліктерінің жұмысы мәселелері, сонымен қатар мұнайшылар және қоныс аударған

еңбекшілер мен жетекші мамандардың жеңіске қосқан еңбек үлестері зерттелді.

Кеңес мемлекеті мен партия соғыс басталардың басында әскери өнер-кәсіпті нығайту мақсатында халық шаруашылығындағы барлық ресурстарды қайта бөлуге ықпал жасайтын маңызды шараларды жүзеге асырды. Қандай бір соғыс болмасын ол орасан зор шикізат ресурстарын талап ететіні белгілі. Көптеген салаларда, оның ішінде авиацияда қолданылатын бензин, керосин, мұнайдың орны ерекше. Сондықтан Волга, Орал, Қазақстан аудандары мен Орта Азияда мұнай өндіруді жан-жақты жылдамдату Кеңес әскерлерінің жауынгерлік рухын арттыру мен халық шаруашылығының бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыруды шешетін маңызды саяси және әскери-шаруашылық міндеттер болып табылды. 1942 жылдың 22 қыркүйегіндегі Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің қаулысында осы міндеттер алға тартылды.

Революцияға дейінгі Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қалыптасуы мен дамуының тарихына (19 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың басы) көз жүгірткенде біраз мағлұматқа қаныққандай боламыз. Революцияға дейінгі кезеңдегі акционерлік қоғамдардың қызметі, орыс және шетел капиталының енуі, мұнай кәсіпшілігінің көздері, жергілікті тұрғындардың жаңа жағдайларға бейімделуі мәселелері қаралады. Аса маңызды мәселелердің бірі еңбек ресурстары мен мұнай өндірісіндегі әлеуметтік саясат, мұнайшылардың еңбегі, мұнай кәсіпшілігіндегі жалпы жағдай, өндірістің ақсауы, халыққа білім беру, тағы басқалар болып табылды.

1911 – 1918 жылдардағы Ембі ауданы мұнай өнеркәсібінің дамуын төмендегі көрсеткіштер арқылы білуге болады: 1912 жылы Доссордағы бір скважинаның орташа күндік өнімділігі 52,6 тонна, ал 1918 жылы – 15,2 тонна, яғни, 37,4 тоннаға кеміген, скважиналар саны 1912 жылы 1 болса, 1918 жылы – 72, бұрғылау тереңдігі 1911 жылы 229,5 м. болса, 1917 жылы – 1 389 м.

Мұнай кәсіпшілігі 20-шы ғасырдың басындағы акционерлік компаниялардың құрылуынан бастау алады. 1910 – 1913 жыл-

дары Орал – Каспий мұнай қоғамы (УКНО), «Ембі» АҚ, Орал – Ембі мұнай өнеркәсібі қоғамы, «Колхида», «Ембі-Каспий» қоғамдары құрылды. Оралда мұнай өндірумен 1911 жылдан Орал – Каспий мұнай қоғамы, 1912 жылдан Ембі, 1914 жылдан «Ембі-Каспий» сияқты үш қоғам айналысты. 20 млн пұт керосин өндіруге есептелген Ракуштағы екі мұнай айдау зауытындағы жұмыстар 1914 жылдан басталды.

1917 жылдың ақпанында Мақатта фирмалардың жұмысшылары мен қызметшілерінің балаларына арналған бастауыш училище ашылып, онда 15 бала оқыды. Т.Д. Абляев меңгеруші болып тағайындалды. Доссор мектебінде А.М. Гусева, В.Г. Буримович, А.А. Алехиналар мұғалім болып жұмыс жасады. Мұнда 101 бала, 1918 жылдың 1 қаңтарынан – 118 бала білім алды. Мектеп жұмыстарына шенеуніктер де атсалысты. Мәселен, облыстың вице-губернаторы М.Д. Мордвинов Доссордағы жұмысшылар кітапханасына 54 кітап сыйлаған. Доссордағы училищеде мұнайшылар балалары оқыған. 1918 жылдың 18 қарашасына дейін 155 оқушы білім алған.

Соғысқа дейінгі жылдардағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму кезеңдері де өз ерекшеліктерімен құнды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі кираған шаруашылықты қалпына келтіру, мұнай өнеркәсібін мемлекет меншігіне айналдыру, «Ембі-Мұнай» бірлестігінің қызметі, еңбек ресурстары, негізгі шығындар қарастырылады.

Доссор жұмысшылар поселкесі көркейе түсті. Көгалдандырумен айналысқандардың ішінде Доссорға 1922 жылы келген Серова Елена Федоровна да бар. Ол орман шаруашылығының пионері болып, профессор В.А. Дубинскиймен бірге Доссор кәсіпшілігін көгалдандырды. Саябақтарға тал өсіру барысында оларға өмірі ағаш көрмеген жергілікті жұмысшылар да көмектесті, Астрахань питомнигінен ағаштардың тұқымдарын, жас шыбықтарын алдыртып екті. 1934 жылы ол Гурьевке қайтып көтті. Саябақтың қалай тез өсіп кеткендігін мына бір жәйттен байқауға болар. Бірде түнде құмда жол таппай адасқан жұмысшылар жел айдап әкелген

жыңғылдың хош иісі арқылы Доссорға маңдай тіреген. Азамат соғысынан соң, 1926 жылдың 2 мамырында олар ағаш отырғызу мейрамын мерекеледі.

Бірінші бесжылдық кезеңіндегі Қазақстан мұнай өнеркәсібінің дамуы геологиялық барлау жұмыстарының қарқынды жүргізілуімен ерекшеленді. Ембіде 1928 жылдан 1932 жыл аралығында алдыңғы бес жылда (1923 – 1927) бұрғыланған 23,9 мың метрге қарағанда 160 мың метр асыра бұрғыланды. Алғашқы бесжылдықтың соңғы жылында жаңа мұнай кеніштерін өндірістік негізде игеруге дайын болмаудың салдарынан мұнай өндіру 1928 жылы 250 мың тоннадан 1932 жылы 247 мың тоннаға дейін кемігенін атап айтуға болады. 30-шы жылдары Ақтөбе облысындағы мұнай кеніштері мен Байшонас іске қосылды, Гурьев – Орск мұнай желісінің құрылысы басталды, жұмыс істеп тұрған кеніштер қайта жарақтандырылды. Саланың негізгі өндірістік қоры бірінші бесжылдықта 32 пайызға өсті, 1932 жылы еңбек өнімділігі 1913 жылмен салыстырғанда 66 пайызға арты. Бесжылдықта мұнай өндіру 1913 жылғы деңгейден 2 есе көбейді.

1927 – 1928 жылдарда ірі өнеркәсіптегі жұмысшылардың орташа жылдық саны 1913 жылдың деңгейінен бір жарым есе артты. Ембіде 2 784 жұмысшы мен қызметші еңбек етсе, оның 1 140-ы немесе 40,9% қазақтар еді. 1924 – 1937 жылдары ҚазКСР мұнай өнеркәсібіне 232 млн сомға жуық қаржы жұмсалса, үшінші бесжылдықтың үш жылында 177,8 млн сом игерілді. 1940 жылдың соңында 9 кеніш жұмыс жасады. Сонымен қатар, темір жол мен мұнай құбырларының құрылыстары жүргізілді. Гурьев – Доссор темір жолы 1926 жылы салынды, Гурьев – Орск мұнай құбыры 1932 – 1935 жылдары іске қосылды, ал Ембі мұнайын темір жол арқылы Орал мен Сібірдің аудандарына шығарған Гурьев – Қандыағаш темір жолы 1942 жылдан тұрақты пайдаланылуда.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтарда Қазақстан мұнай өнеркәсібі жоғарғы қарқынмен дамыды. Бұған табиғи факторлармен қатар Кеңес Одағының европалық және азиялық бөліктерін байланыстыратын темір жол

магистралының болуы, сонымен қатар, Ресейдің төменгі Волга мен Кавказ бойы елдеріне Каспий теңізі арқылы шығатын су жолының болуы да игі ықпалын тигізді. Мұнай өнеркәсібінің тез дамуына Арктика мен стратосфера жағдайында авиацияға қолдануға жарайтын, майлылығы жоғары Ембі мұнайына деген сұраныстың артуы әсер етті.

Мұнай өнеркәсібі жылдам қарқынмен дамыды. 1940 жылы мұнай өндіру 1937 жылмен салыстырғанда 42,2 пайызға өсті. Ембінің жемісті дамуына Ескене – Байшонас, Мақат – Бекбеке темір жол тармақтары құрылыстарының аяқталуы, Оралдан кеніштерге тартылған 300 шақырымдық су құбырлары да септігін тигізді. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ауыр индустрияның барлық салаларының ішінде мұнай өнеркәсібі басқаларға қарағанда баяу дамыды. Республика көлемінде жалпы ішкі өнім бойынша оның үлес салмағы кеміді. 1940 жылы Ембі кәсіпшілігінде («Ақтөбемұнайды» қоспағанда) 7 660 жұмысшы мен инженер-техник қызметкерлер, оның ішінде 70,2% яғни, 5365 қазақ жұмыс жасады.

Отан соғысы алдында Қазақстан КСРО-дағы ірі экономикалық аудан болып есептелді. Алғашқы бесжылдықтарда мұнда ірі-ірі өндіріс ошақтары пайда болды.

1940 жылы барлық өндірістің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 7,9 есе, оның ішінде ауыр индустрия 20 есе артса, 1945 жылы барлық өндіріс революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 11 есе, ірі индустрия 27 есе өскен.

Осылай республика өндірістің негізін қалап, көмір және мұнай өндіруден үшінші орынға шықты, қазақ жұмысшыларының үлес салмағы халық шаруашылығының барлық салаларында өсті. Осының бәрі Қазақстанды Ұлы Отан соғысы (1941 – 1945 жж.) жылдарындағы Кеңес Одағының ірі арсеналдарының біріне айналдырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның мұнай – газ өнеркәсібі жедел қарқынмен дамыған аса ауқымды стратегиялық салаға айналды. Әскери жағдайларға байланысты мұнай өнеркәсібін қайта

құру, мұнай өндіретін кәсіпшіліктердің жұмыстарын майдан мұқтаждықтарын өтеуге жұмылдыру, Гурьев мұнай өңдеу зауытын салу, Орал – Ембі мұнайлы аудандарының мүмкіншіліктерін зерттеген КСРО Ғылым Академиясы комиссиясының қорытындылары, мұнай саласы жұмыскерлерінің әлеуметтік-кадрлық құрылымы, еңбек ерліктері, жүк тасымалдау мен транспортты жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Отан соғысының алғашқы жылы іске асқан экономиканы қайта құру, өндірісті қауіпті аудандардан Шығысқа көшіру мерзімі мен аумағы жөнінен теңдессіз ауыр міндет болды. 1941 жылғы 29 маусымдағы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің директивасында көрсетілгендей, негізгі өндірістік қорларды сақтап қалу, көшірілген құрал-жабдықтарды пайдаланатырып, Шығыс аудандар мен Оралдың өнеркәсібін күшейту – осы көшірудің басты мақсаты болып табылды. Көшіруді тек қана шарасыздық амалы емес, оны халық шаруашылығын соғыс қажеттіліктеріне қарай жұмылдыру, қайта құру деп түсінген жөн.

Көшірулер Қызыл Армияның елдің түкпіріне қарай шегіну кезеңіндегі төтенше әскери жағдайларда жүзеге асты. Кейде біздің әскерлер орасан зор күш – жігерлерін жұмсай отырып жаудың бетін қайтарып, құрал-саймандар тиелген эшелондар кеткенше, уақытты ұта отырып соғыс жүргізді. Өндіріс орындарын көшірудің қиыншылықтары көшірілетін материалдар мен құрал-саймандар көлемінің көптігімен, территориялар аумағының кеңдігімен, ұзақтығымен де байланысты. Атап айтқанда, 31 850 өндіріс ошақтары орналасқан Украина, РСФСР, Белоруссия, Балтық жағалауы республикалары, Молдовия мен Карелия сияқты маңызды экономикалық аудандарға қауіп төнген еді.

Батыс аудандарындағы өндіргіш күштерді Шығысқа тез арада көшіруді жоспарлау мен өткізуге қажетті тәжірибенің жоқтығы да соғыстың алғашқы күндеріндегі көші-қон мәселесін ұйымдастыруды қиындатып жіберді. 1941 – 1942 жылдардағы көшірулер соғыс уақытындағы қиын-қыстау жағдайында өтті. Кеңес азаматтары қиын сынақтарда

сүрінбеді. Өндіргіш күштерді тылға табысты көшіру Шығыс аудандардың орасан зор ресурстарын тез игеруге, тыл мен майданның сұраныстарын қанағаттандыруға, соғыстың бетін бұруға, сөйтіп, Германияны жеңуге қол жеткізді.

Мұнай өнеркәсібін соғыс жағдайында қайта құру мұнай өндірушілер алдына өзекті екі міндетті шешуді қойды. Оның біріншісі – ескі мұнай аудандарында мұнай өндіруді мейлінше арттыру; екіншісі – КСРО-ның шығысында, әсіресе, Волга мен Оралдың аралығында мұнайлы орындарды барлау мен пайдалану жұмыстарын күрт күшейту.

Кеңес адамдары Германияның КСРО-ға шабуылын ызамен қарсы алып, митингтерде Жеңіске жету үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтындықтарына сендірді. Гурьев облысындағы Доссор мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшы – қызметкерлерінің 1941 жылдың 22 маусымындағы митингісінде партия мен үкіметтің талап етуіне байланысты ең жоғарғы сапалы Доссор мұнайын қанша болса да өндіріп, жауды жеңу үшін айбынды танкистеріміз бен қаһарлы теңіз флотына жіберуге дайын екендіктерін білдірді.

Отан соғысы мұнай өндірісі өнеркәсібінің даму жолын түбегейлі өзгертті. Сол кезде жұмыс істеп тұрған мұнай скважиналарының өнімділігін арттыру, металды, әсіресе, арматуралар мен болат трубаларды үнемдеу, скважиналардың пайдалану мерзімін ұзарту басты талап болатын. Бұрғылау жұмыстарын территориялық орналастыру, бұрғылау көлемі мен технологиясы мәселелері де өзгеше шешімдерін тапты. Әскери жағдай еліміздің оңтүстік аудандарындағы мұнай мекемелерінің кейбір бөліктерін шығысқа ауыстыруды, Орал – Волга көніштерін тез арада іске қосуды талап етті. Осы аудандарда пайдалану және барлау бұрғылауларын жүргізіп, жаңадан мұнай көздерін іздеп, ашып, оларды өндірістік пайдалануға тез дайындау қажет болды.

1941 жылы Құлсары мұнайшылары 29 скважинаны пайдалануға берді (жетекшісі С. Өтебаев). 1942 жылдың 6 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы өзінің Жарлығымен мұнай өндірудегі, қорғаныстық

мұнай өнімдері мен қару-жарақтарды шығарудағы үкімет тапсырмасын үлгілі орындаған Қазақстан мұнай өнеркәсібі жұмыскерлерінің үлкен тобын орден, медальдармен марапаттады. Марапатталғандар арасында Н. Бермағамбетов, Б. Доспаева, А. Оразов, Н. Досмағамбетов, Б. Жұмағалиев, А. Рашпаев, А.И. Котельников, жетекшілер С. Өтебаев, Ж. Досмұхамбетов, И.П. Нифантов, Л.И. Векслер, Г.Я. Хаимов, парторгтар К. Оспанов, Г. Қожағұлов, инженерлер Н.В. Неволин, Д.А. Черняев, С. Магдиев және тағы басқалар болды.

Соғыс жылдарында мұнай өндіру мен өңдеудегі үкімет тапсырмаларын орындағаны және асыра орындағаны үшін Шығыс мұнай өнеркәсібінің 552 жұмыскері Кеңес Одағының ордендерімен, 591 адамы медальдармен марапатталды. Қажырлы еңбектері арқасында Трофимчук, Косолапов, Липин, Голяковтар еңбек ерлері атанса, Бермағамбетов пен Бекмұхамбетовтар (Қазақстан мұнай комбинаты) Ленин орденін кеуделеріне тақты.

Қазақстанда соғыс уақытында ондаған жаңа ірі кәсіпорындар салынып, қатарға қосылды, қара металлургияның негізі қаланды. Қазақстандықтар майдан шеп-терінен көшірілген кәсіпорындарды тез қабылдап, орналастырып, қайта қалпына келтіріп, іске қосуда барлық күштерін аянбай жұмсады. Олардың ірілері 6 – 7 айда жұмыс істей бастаса, 1941 жылдың төртінші тоқсанында келген кейбір кәсіпорындар 2 – 3 айдан соң-ақ дайын өнімдер бере бастады.

1942-ші жыл Ұлы Отан соғысындағы ең бір ауыр кезең болды. Үкіметтің, Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің, партия ұйымдарының күш салуына қарамастан мұнай өндіру барысында талай қиыншылықтарды бастан өткізді. Осы жағдайларда Гурьев – Астрахань темір жолын, Нармонданақ – Мақат мұнай құбырын салу жоспарланды. 1942 жылдың 7-ші қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс комитеті Гурьев арқылы Грозный мен Баку мұнайын шығыс аудандармен байланыстыратын Гурьев – Астрахань темір жолын салу туралы шешім қабылдады. Бұл торап 1971 жылы салынып бітіп, пайдалануға берілді. 1941 жылдың 31-ші желтоқсанында Гурьев –

Қандыағаш (517 шақырым) темір жолы қызмет ете бастады.

Гурьев–Астрахань темір жолы құрылысына 1942 жылы Гурьев, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қостанай облыстарынан 30 мың колхозшы, 4,5 мың күш-көлік бөлу туралы шешім шықты. Нармонданақ – Мақат мұнай құбырын және Мақат – Қосшағыл тар темір жолын салу жұмыстарына Ақтөбе мен Гурьев облыстарынан 2 350 адам, 200 күш-көлік тартылды. Құрылыс жұмыстарына Гурьев, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қостанай облыстарынан жоспарланған 30 000 адамның орнына 15 493 адам еңбек етті. Құрылысқа келген адамдарды жатын орынмен қамтамасыз ете алмаған № 108-ші құрылыс бастығы Тибилов 12-ші қарашада аталған облыстардан адамдарды алуды 1942 жылдың 25-ші қарашасына дейін тоқтата тұру жөнінде жеделхат жолдады. Осы мерзім аралығында жатын орындарды дайындап үлгірем деген ойы жүзеге аспай, жұмыс күшін қабылдау шын мәнінде тоқтатылды. Неге екені белгісіз, 15 493 адамнан өртүрлі себептермен 3 124 босатылған. 1942 жылдың 1 желтоқсанында құрылыста 12 369 адам жұмыс істеген. Автотранспорттың да жағдайы мөз болмады. Гурьевтегі 36-шы жеке автобатальонның 150 машинасының тек 8-і ғана тамақ тасуға бөлінді.

1942 жылы Қазақстанға Ембінің мүмкіндіктерін зерттеуге КСРО Ғылым Академиясы комиссиясының келгені белгілі. Комиссия ескі скважиналарды бірқалыпты пайдалана отырып 782 000 тонна, жаңа бұрғыланған скважиналардан 650 000 тоннаға дейін мұнай алуға болады деген шешімге келеді. Жаңа скважиналардағы мұнай өндіруді қамтамасыз ету үшін барлау және жете зерттеуге өлі барланбаған Бек – Беке, Алты – Көл, Тентек сор, Жолдыбай, Нармонданақ, Қошқар, Қаратал сияқты жеті барланбаған жаңа орындарды қосымша өңгізу, 284 т.т. пайдалану үшін бұрғылау, пайдалануға 512 скважинаны беру, барлау үшін 120 мың метр бұрғылау, 133 барлау скважиналарын бітіру, сөйтіп, 1943 жылы бұрғылау көлемін 1942 жылмен салыстырғанда 6 есеге көбейту керек болды.

Соғыс жылдарында Комсомол, Қошқар кәсіпшіліктерінде дизельді электростанция-

лар салынды, Мақат, Доссор кәсіпшіліктерінде жаңа дизель-генераторлар қондырылды, Сағыз, Доссор, Гурьевте жылжымалы электростанциялар жұмыс істеді. Ембіде тұрақты энергетикалық база жасақталды.

Қорытындысында, осы шаралар басқалармен біріге отырып, 1943 жылы Ембінің мұнай өндірудегі бұрын-соңды кәсіпшілікте болмаған жоғарғы көрсеткіштерге жетуіне ықпал етті.

1943 жылы аралас қондырғыларда 70% әйелдер жұмыс істейтін Гурьев мұнай өңдеу зауытының құрылысы басталды. Әуежай құрылысы мемлекеттік басқармасының 3-ші құрылыс басқармасының қызметшілері мен транспорттық техникалары тиелген бірінші эшелон Гурьевке 1943 жылдың 18-ші мамырында келді. Олармен бірге А.Д. Местер, И.Р. Абрамсон, С.В. Васильковский, Н.И. Белецкий, Б.И. Варшавский, И.Г. Белоцерковский, Н.М. Кудзинович сияқты басшылар және басқалар да келді. Құрылыс 1943 жылдың қазан айында басталды. 1943 жылдың 25 маусымында Г.И. Гореченков № 441 завод директоры болып тағайындалды.

Бұл завод Қазақстандағы мұнай-химиялық өнеркәсібінің бастаушысы болды. 1943 жылға үлкен міндеттер айқындалды. 1943 жылға белгіленген әскери-шаруашылық жоспар бойынша 1942 жылмен салыстырғанда мемлекеттік өнеркәсіптің жалпы өнімін 28% арттыру, отын өнеркәсібін одан әрі өсіру, темір жолдағы орташа күндік жүк тиеу мөлшерін 44 мың вагонға жеткізу көзделген. Өнеркәсіпке бөлінген күрделі қаржы көлемі 12,5 млрд сом, оның ішінде «А» тобындағы өнеркәсіпке (көшірілген құрал-жабдықтардың бағасынсыз) 11,7 млрд сом болып белгіленді.

Соғыс жылдарында Ембідегі мұнайшылар саны да өсті. 7 719 адам еңбек еткен 1940 жылмен салыстырғанда 1944 жылы 9 453 адам жұмыс істеген. Әйелдер мұнай мамандықтарын игере бастады. 1945 жылдың 1 қаңтарына мұнайшылардың жалпы санының 35% әйелдер құрады. Мұнай өндіру жоспарын үнемі артық орындап жүрген Б. Доспаеваның бригадасы алдыңғы орындардан көрінді. Мұнай өнеркәсібіндегі жұмысшылар мен қызметшілердің саны:

1940 ж. – 4 905 адам, 1941 ж. – 3 972 адам, 1942 ж. – 3 108 адам, 1943 ж. – 5 685 адам, 1944 ж. – 5 230 адам, 1945 ж. – 6 324 адам болды.

Майданға «қара алтын» жіберуге, мұнай өнеркәсібін дамытуға өзіндік үлес қосқан мамандар әртүрлі қызметтер атқарды. Солардың ішінде облыстық партия комитеті мұнай өнеркәсібі бөлімінің меңгерушісі Ө. Балғымбаевты, Петровский атындағы Гурьев механикалық зауытының директоры В.В. Щербухинді, Гурьев мұнай техникумының директоры П.А. Зиминді, Қосшағыл мұнай базасының директоры Әлғазы Ілиясовты, «Қазмұнайкомбинатқа» қарасты «Қазмұнайжабдықтау» мекемесінің басқарушысы А.А. Инсаровты, «Құлсары» кәсіпшілігінің директоры С. Өтебаевты, «Қазмұнайкомбинаттың» мұнай құбыры кеңсесінің бас инженері Д.А. Черняевты, Ескене кәсіпшілігінің директоры С.И. Опутинді, «Қазмұнайкомбинаттың» бас геологы Н.А. Калининді, бас геологтың орынбасары Ж. Досмұхамбетовты, КНК бастығының құрылыс жөніндегі орынбасары Ж.Е. Бағысиевтің, Мақат кәсіпшілігінің бас геологы И.П. Смильганың, Құлсарының бас геологы И.В. Савельевтің, КНК еңбек және жалақы бөлімінің бастығы Т.М. Азаровтың, КНК электрмен барлау кеңсесінің директоры М.Б. Қадисовтың, Сағыз кәсіпшілігінің бас инженері И.Н. Дементманның, Құлсары кәсіпшілігінің бас инженері Р.С. Агаджановтың, Байшонас кәсіпшілігінің бас геологы А.П. Чопоровтың, Сағыз кәсіпшілігінің бас геологы Н.В. Неволлиннің, Доссор кәсіпшілігінің директоры Сапар Қарымсақұлы Қарымсақовтың, КНК бастығының өндіру және бұрғылау жөніндегі орынбасары Беляковтың, КНК бас инженері Векслердің, «Ембімұнайжобалаудың» директоры Коробовтың, КНК бастығы Нифантовтың, Қазақстан КП (б) облыстық комитетінің мұнай өнеркәсібі жөніндегі хатшысы Коноплевтың, еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы И. Ергалиевтің, Мақат райкомының хатшысы Сапарғалиевтің, ФЗО мектебінің директоры Мұса Ергалиұлы Жиёмбаевтың, Мақат кәсіпшілігінің директоры Қарамұрзаевтың, Қосшағыл кәсіпшілігінің

директоры Ілиясовтың, Сағыз кәсіпшілігінің директоры Ростовцевтың, КНК бастығының жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі орынбасары Сырым Жиёмбаевтың ерен еңбектерін атап өту қажет. Кәсіпшіліктерде өндірістік ұжымдар арасында еңбек жарыстары кең етек алды. Солардың ішінде И.Е. Орловтың, К.И. Конопицкийдің, бұрғылаушылар Н. Томинова мен М. Оразметовалардың ерлік еңбектерін айтуға болар. К.С. Сариевтың участогы өз жоспарларын үнемі 102 – 132% орындап, жылдық жоспарды 1942 жылдың 1 желтоқсанында орындады. Соғыс жылдарында Шұбарқұдық кәсіпшілігінің операторлары Қадыров, Қартмағамбетов, Алексеев және басқалары жемісті еңбектенді. Мұнай саласында 1934 жылдан еңбек еткен Лениндік сыйлықтың лауреаты (1966 ж.) Нәрен Имашевтің еңбегі де айрықша ерен. Шұбарқұдық, Жақсымбай кәсіпшіліктерінде 35 әйел мен жеткіншектер жұмыстан қол үзбей бригадалық-жеке оқыту тәсілімен токарь, оператор, электромонтер, слесарь және басқа да мамандықтарды игерді. 1943 жылы жұмысшылар қатарын толықтыру Ақтөбе әскери комиссариаты арқылы еңбек резервтерін жұмылдыру негізінде жасалды. Трестке 205 адам келіп, оның 144-і оқуға тартылды.

Р. Есқариев, С. Әжібаев, И. Құрманәлиев сынды Ембі жұмысшылары бұқараға еңбектің ерлік үлгілерін көрсету нәтижесінде скважиналардың бос тұруы 10 000 скважина-сағатқа кемітілді. 1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың қарашасы аралығында Ескене мұнайшылары Бүкілодақтық социалистік жарыста Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің туын 8 рет жеңіп алды. Ембі мен «Ақтөбемұнай» кәсіпшіліктері «сұйық алтынның» жылдық өндірісін ең жоғарғы деңгейге жеткізіп, өз тарихтарында болмаған көрсеткіштерді иеленді. 1944 жылдың қаңтарында мұнай өндіруді ұлғайтудағы және майданды мұнай өнімдерімен қамтамасыз етудегі қол жеткізген табыстары үшін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің үлкен тобы орден медальдармен марапатталды. Көптеген ұжымдар Республикалық Құрмет тақтасынан орын алды.

1944 жылғы кеңес өнеркәсібінің даму ерекшеліктерінің бірі ретінде олардың жалпы өнімдерінің көлемінің 1940 жылмен, яғни соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 104%, әскери өнімдер өндіру 312% өскендігін айта аламыз. Бірақ мұнай өндіру қысқартылды, атап айтқанда, 1940 ж. – 31,1 млн тонн, 1942 ж. – 22 млн тонн, 1943 ж. – 18 млн тонн, 1944 ж. – 18,3 млн тонн, 1945 ж. – 19,4 млн тонн көрсеткішке жетті.

Соғыс жылдарында Комсомол, Қошқар кәсіпшілігінде дизельді электростанциялар салынды, Мақат, Доссор кәсіпшіліктерінде жаңа дизель-генераторлар қондырылды, Сағыз, Доссор, Гурьевте жылжымалы электростанциялар жұмыс істеді. Ембі тұрақты энергетикалық база алды. Соғыстың соңғы жылында КСРО өндірісі даму үстінде болды. Әскери өнім Германиянікінен анағұрлым асып түсті. Отан соғысының төрт жылындағы КСРО халық шаруашылығына құйылған күрделі қаржы 113 млрд сом болса, 1945 жылғы күрделі қаржы 1940 жылдағымен бір деңгейде қалды.

1941 – 1945 жылдардағы кеңес экономикасы (1940 жылмен салыстырғанды пайызбен) дамуының негізгі көрсеткіштері төмендегідей болды: ұлттық кіріс – тиісінше бес жылға шаққанда 92, 66, 74, 88, 83% өнеркәсіптің жалпы өнімі – тиісінше 88, 77, 90, 104, 92% қызметшілер мен жұмысшылар (жылына орта есеппен) – тиісінше 88, 59, 62, 72, 84% жетті.

Халықтың жанқиярлық еңбегінің нәтижесінде Кеңес өнеркәсібінде шығарылатын қарудың сапасы мен мәні өсті. Танктер мен ұшақтар немістердікінен саны мен сапасы жөнінен басып озды. КСРО-да еңбек өнімділігі жоғары болды. Ағылшын тарихшысы Э. Бивор «Ресейдің әскери зауыттарындағы тұтқындар еңбегінің өнімділігі Германияның сондай зауыттарындағы маман жұмысшылардың еңбек өнімділігінен анағұрлым жоғары деңгейге жетті. Іріткі салу жағдайлары болмады. ГУЛАГ тұтқындары неміс-фашист басқыншыларын сөзсіз жеңетіндіктеріне сенді», – деп көрсетеді.

Елді екі жағдай аман алып қалды. Біріншісі – әскери өнеркәсіп жеткілікті қару-жарақ берді. Екіншісі және бастысы – Отанды қорғау

мен өмір арасындағы таңдауда кез-келген адамның барлығы да жауынгер болды – еш ойланбастан өз өмірін Отан үшін қиды. Дүние жүзі тағдыры, соғыс тағдыры өзінің соңғы межесі – туған ауылын таңдаған жауынгердің иініне түсті. Алпыс бес жыл бұрын, ел тағдыры тарихи терең тұңғық алдында тұрғанда оның қаһарман перзенттері өздерінің міндеттерін адал орындап шықты.

Әскер мен халық өз өмірлерін қия отырып, теңдессіз өрлік жасап, дүниежүзілік соғыста жеңіске жетті, дүние тағдырына күрт өзгерістер енгізді. Біздер қуаныш пен қайғыда, күнделікті күйбең тіршілікте бізге өмір сүруді сыйлағандарды, жасампаз еңбек бостандығын бергендерді, қателіктерімізді түзетуге мүмкіндік тудырғандарды ұмытуға хақымыз жоқ. Олай болғанда біздің өмірдің мәні болмас.

Соғыс жылдарындағы республиканың транспорты мен өнеркәсібі фашистік Германияны талқандауға өздерінің қажырлы еңбектері мен лайықты үлестерін қосты. Қазақстандағы геологиялық қызмет пен геологиялық ғылымның шын мәніндегі орталығына айналған Алматының ролін ерекше атап өту керек. Мұнда ҚазМУ, «Казцветметразведка» тресті, КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің геологиялық ғылымдар институты, жоғарғы оқу орындарының геология факультеттері орналасқан. Қалада лабораториялар мен шеберханалар, транспорт мекемелері т.б. жұмыс істейді. 1941 жылдың соңына қарай КСРО ҒА-сы Президиумының бүкіл құрамы Алматыға көшірілді. Еліміздің қорғаныс қуатын нығайту жұмыстарына бірден бел шеше кірісіп кеткен геолог-ғалымдар, кеншілер, металлургия, тағы басқалар да сол кезде келген. 1942 жылы Алматыда Қ.И. Сәтбаевтың бастауымен майданға барынша көмек көрсетуге арналған бірінші ғылыми конференция өткізілді. Өртүрлі мекемелердегі геологиялық жұмыстарды бақылау мен тиімділігін арттыру мақсатында Қ.И. Сәтбаевтың ұсынысымен ҚазКСР Халық Комиссарлар кеңесі жанынан Геологиялық Кеңес құрылды. Соғыс жылдарында кеңес арқылы 150 ұсыныс түсті. Елдегі табиғи ресурстарды майдан қажеттілігіне жұмылдыруды мақсат еткен Қ.И. Сәтбаев

бастаған Қазақ бөлімшесінің ғалымдары 1943 жылы КСРО ҒА-ның президенті В.Л. Комаров басқаруындағы КСРО ҒА-ның комиссиясы құрамына енді.

Мұнан кейін Ғылым Академиясынан комиссия мүшелері Гурьевке қайта келіп, оған жергілікті мамандарды тартып, жеті топ құрады. Комиссияның атқарған жұмыстары Гурьев облыстық партия комитеті мен Қазақстан Орталық партия комитеті бюро мәжілістерінде қаралып, ұсыныстары толықтай қабылданады. Гурьев облыстық партия комитеті мен Қазақстан Орталық партия комитетінің шешімдерін, сондай-ақ, Ғылым Академиясы комиссиясы қорытындысын қатерге ала отырып, 1943 жылы 18 маусымда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Мәскеуде Бас қолбасшы Сталиннің басшылығымен «О мерах по обеспечению роста добычи нефти на промыслах «Казахстаннефтекомбината» деген қаулы алады. Осы қаулыда бұрынғы Гурьевтегі геологиялық-ізвестіру конторы енді геологиялық барлау тресінің «Казахстаннефтеразведкасы» болып қайта құрылады.

Осы қаулыдан кейін Қазақстан үкіметі Гурьев облысының мұнай саласын басқаратын тәжірибелі басшылармен бірге көптеген тәжірибелі мамандармен толықтырады. Оған қоса мұнай кәсіпшіліктеріне техника, құрылыс материалдарымен көмектеседі. КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (ГКО) Қазақстандағы Одақтық дәрежедегі геофизика бөлімшесін трестіге айналдырды. Еліміздің мұнай өндірісі министрлігі (ол кезде Наркомат) Пешной аралы мен Гурьев арасында мұнай құбырын салу үшін Мәскеудегі «Центроспецстрой» тресі № 12 және № 14 құрылыс басқармаларын Гурьевке жіберді. Ал, Әзербайжан Атырау өңіріне ең таңдаулы 400 мұнайшы жұмысшыларын жіберіп көмектесті. Осы республиканың «Азнефтьстрой» тресі Гурьевтің «Эмбанефтьстрой» тресімен қосылып, «Казахстаннефтьстрой» тресін құрды. (Атырау облыстық мемлекеттік (бұрынғы партия) архиві, 1 қ., опись 8 т., 174 іс, 23 п.)

Кейбір артта қалып келе жатқан мұнай кәсіпшіліктеріне, жалпы мұнайшыларға

көмек көрсету мақсатында Қазақстан Үкіметі республиканың барлық жұмысшы табын жұмылдырды.

КСРО Ғылым академиясының комиссиясы Атырау өңіріндегі мұнайдың қоры бір миллиард тонна құрайды деген академик И.М. Губкиннің тұжырымын толықтай қолдай отырып, бұл жерден мұнай алу басқа мұнайлы өңірлерге қарағанда өте тиімді екенін де баса көрсетті. Біріншіден, Ембі мұнайы ең жақын жерден – тереңдігі 420 метр жерден алынса, Краснокамскіде 900 метрден, Туймазахта 1 400 метр жерден алынады екен. Екіншіден, бұл өлкенің жері жұмсақ, сондықтан да қазуға ыңғайлы, көп күшті қажет етпейді.

Осылардың барлығын ескере отырып, Кеңес үкіметі Ембі мұнайын жылдан-жылға көп өндіру міндетін қойды. Сондықтан да болар, мұнай саласы жалпы жанармай мәселесі Орталық (КПСС) және Қазақстан Орталық партия комитеттерінің барлық өткізілген Пленумдарында, кеңестерінде, бюро мәжілістерінде күн тәртібінен түспей, жиі қаралып тұрған. Соның ішінде, Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Қазақстан мұнайын көптеп өндірудің қарқыны туралы», «Қазақстаннефть» комбинатында мұнай өндіруді өрістетудің жәйі туралы», «Қазақстаннефть» комбинатының материалдық-техникалық базасын нығайту туралы» мәселелерді қарап, нақтылы шаралар алынған. Ал, Гурьев облыстық партия комитеті мен облыстық Кеңес атқару комитеті мұнай мәселесін бір жылда 50 рет қараған. («Атырау» облыстық газеті, 27 қаңтар, 2005 жыл; М. Қозыбаев Компартия Казахстана в период Отечественной войны (1941 – 1945 гг.). – Алма-Ата, 1965, – С.154).

Осындай шексіз қамқорлық пен қырағы бақылаудың нәтижесінде жаңа кеніштер көптеп ашыла бастады.

Геология институты Жезқазған мен Маңғышылақтағы марганец, Семей облысындағы темір рудалары, Ақтөбедегі никель кен кенорындарын зерттей бастады.

1942 жылдың қарашасында Қ.И. Сәтбаев Қазақстандағы барлық темір рудалары орындарының нақты геологиялық-экономикалық сипаттамаларын түбегейлі

зерттеп, КСРО ҒА-ның Орал, Қазақстан, Батыс Сібір ресурстарын жұмылдыру комиссиясына жібереді. Қарағанды облысындағы Ұлытау ауданының сирек металдар, Орталық Қазақстанның сынап минералдары, Ақмола облысындағы Павлодардың қорғасын-мыс орындары зерттелді.

Қазақстан территориясына: Полтава жіп иіру, Харьков – шұлық, «Большевичка» тігін, айна жасау, трикотаж-тігу, Киев жіп иіру, аяқ киім жасау фабрикалары көшірілген болатын. 1941 жылдың 30 желтоқсанына дейін Қазақстанға бұрынғы КСРО жеңіл өнеркәсібінің 16 кәсіпорны көшірілді. Тамақ өнеркәсібі 10 саладан: нан пісіру, макарон, кондитерлік, т.б. Олардың құрамында 4 кеңшар мен 177 өнеркәсіп кәсіпорындары болды.

Ақтөбе химия комбинаты, Вишневский кеніші, Индерборстрой, Брич-Молла комбинаттары, Жетіқара металлургия зауыты химия өнеркәсібі қатарына енді. Брич-Молла таулы-химиялық комбинат арнаулы тапсырыспен Дашкөсан кобальт рудаларын күйдіріп, балқыту арқылы кобальт шлейзала-рын өндірді.

Қазақстанның алтын өнеркәсібіне «Қазалтын», «Майқайыңалтын», «Алтайалтын», «Жетіқараалтын» қарады. Соғыс кезінде одақтық маңызы бар түсті металдардың 15 кен орны барланып, ашылды. Соғыс жылдарында Қазақстан ірі өнеркәсібінің жалпы өнімінің құрылымы одан әрі өзгерістерге ұшырады. Егер 1940 жылы ірі өнеркәсіптегі жалпы өнімнің өндірістік үлес салмағы 51,1% болса, 1944 жылы ол 66% болды.

1942 жылдың 16 – 20 мамыры арасында Түркістан – Сібір темір жолында 210 вагон болатын яғни 5 эшелонға жүк тиелді, көрші жолдардан 566 вагоны бар 61 эшелон қабылданды, жол бойында 5 эшелонның 127 вагоны түсірілді, көрші жолдарға 765 вагоны бар 62 эшелон өткізілді. Жол бойынша күндік орташа жылдамдық кесте бойынша 432,7 шақырымның орнына 661,5 шақырымға жеткізілді.

Республика өнеркәсібі біршама дамыған салаларымен, әсіресе түсті металлургия саласында алға шықты. КСРО Наркомцветмет

жүйесіне қарасты Бүкілодақтық өндірісте түсті металлургияның үлес салмағы: мыс бойынша – 30,7%, қорғасын бойынша – 85,8%, алтын бойынша – 19,3%, көмірдің үлес салмағы 1943 жылдағы КСРО-дағы көмір өндіруде – 12,6%, мұнайдың үлес салмағы 1943 жылдың 9 айындағы мұнай өндіруде – 6%, ай сайынғы мұнай өндіруде Бакуден кейінгі екінші орынды иеленген. Қорғаныс өнеркәсібі өз құрамына 22 кәсіпорынды біріктіре отырып, қару-жарақ пен оқ-дәрілер шығарумен айналысты. 1943 жылдың 1 сәуірінде Қазақстанда әскери мүліктер мен қару-жарақтар шығаратын 35 зауыттар мен кәсіпорындар жұмыс істеді.

Қазақстанда халық шаруашылығын өскерге лайықтап қайта құру, көшірілген кәсіпорындарды орналастыру бағытында орасан зор жұмыстар жасалынды. Соғыс жылдарында жаңа құрылыстар салынып, жаңа кәсіпорындар бой көтерді. Халық шаруашылығының барлық салаларын мамандармен қамтамасыз етуде де үлкен істер тындырылды. Бұл ретте жастар мен әйелдер зор роль атқарды. Әйелдер өнеркәсіп пен транспорт кәсіпорындарын толықтырды, қиын мамандықтарды игерді, ірі жетістіктерге жетті. Соғыс жылдарында республика жұмысшыларының қатарын 400 мыңнан аса ерікті азаматтар толтырды, соның салдарынан өнеркәсіптегі еңбеккерлер 62% дейін өсті.

Соғыс кезеңінде Қазақстанда 1 320 шақырым магистральды және облысаралық

байланыс желілері пайдалануға берілді, 11 000 шақырым жаңа желілер, оның ішінде 7 000 шақырым мыс желілер тартылды. 1943 жылдың мамырында Алматы – Қарағанды – Ақмола – Орск – Чкалов – Мәскеу телефон магистралі іске қосылды. Гурьев пен Орал телеграф-телефон байланысының маңызды торабына айналды.

Жалпы халықтың әскери және еңбектегі ерліктері жеңіске жетелеген темірқазықтай болды. Ең бастысы, партия мен үкімет жеңіске жету жолында ұйымдар мен мекемелердің жұмыстарын ұйымдастыра отырып, майдан қажеттіліктерін қамтамасыз ете білді.

Мұнайшылар майданмен үзіліссіз, үнемі байланыста болып, әскери бөлімдер мен құрамаларға жылы киімдер, азық-түлік, дәрі-дәрмектер жіберіп тұрды.

Отан мұнайшылардың қажырлы еңбектерін жоғары бағалады. Олар Кеңес Одағының орден – медальдарымен марапатталды. Еңбек майданы гвардияшыларының есімдері майдан жауынгерлерінің ерлік істерімен қатар Ұлы Отан соғысы тарихының төрінен орын алды.

Соғыс уақытында адамдардың бастан кешірген қиыншылықтарына уақыт үстемдік жасай алмайды. Ол өте ауыр, бірақ ерлікке толы, ерекше қасиетті уақыт. Герман фашизмімен болған соғыстағы біздің Жеңіс – бұрынғы кеңес халықтары өмірінің жұлдызды кезеңі.